


# ДЖЕАН

ISSN 0274 — 6818 № 9 ҚЫРКҮЙЕК 1996



# КЕКШІЛ АЮ

Әдеттегі ертеңгі қарбалас. Есіктен сөйлей кірген үлкен кісі сәлемдескен күйі төрге озды.

Мезетінде менің ойыма жетіп келгені: «Арызқой шалдардың бірі шығар. Көңіліне ұяламаған әлдеқандай мақала жөнінде дау айтпаса жарады. Қап... Онсыз да уақытым жетпей, мұрнымнан шаншылып жатқанда... Жоқ. Күткенімдей болмады. Бейтаныс ақсақал іздегенін тапқандай жадырай тіл қатқан.

— Қарағым, оқта-текте сирек ұшырасатын назар аударарлық дүниелерді жазып тұрғандарың дұрыс. Менің атым, Асылбек, Талдықорғанның Қапал ауданынан өзінді

арнайы іздеп келіп отырмын. Бертінге дейін қой бақтым. Сонда өз көзіммен көрген бір қызық оқиғаны айтып берсем деймін. Қажетіңе жараса жазарсың.

— Не туралы? Жазуға тұра ма, өзі?— дедім шыдамсыздана.

— Әлбетте. Келіншегімді ұрлап алып кеткен аюдың қылығы әркімді-ақ елеңдетсе керек.

— Келіншегімді дейсіз бе?!

— Иә, осыдан тура жиырма жыл бұрын болған жәйт еді. «Кемпірім» демей отырғанымды енді түсінген шығарсың...

— Ғажап екен. Асықпай тыңдалық, сәл шыдаңыз.

Жұмысымды ағып-ғұпып дөңгелетіп тастаған мен Асылбек ақсақалдың әңгімесіне ынтыға құлақ түрдім.

— Әлгінде айттым емес пе, қарағым. Менің бүкіл ғұмырым қой соңында өтті. Тау етегін қыстап шыққан біз күн жылына күз-тасты қиялай Қапалдың биігіне өрлейміз. Шалғыны ат бауырын сипар жайлаудың шығыс беткейі сыңсыған қарағай орманына ұласып жатыр. Ал мұзарт шыңға қол созған сол қарағай нуын ежелден қоңыр аюлар мекендейді. Жылма-жыл жазды осы өңірде өткізіп жүрген бізге олар да үйреніп алғандай. Тіпті, кірекей кей кездері



маймақ қонжықтарын ертіп алып ұзақ күнге отармен бірге жайылады-ау! Әуелде түс-түстан шабалана үріп қарсы алатын иттер де келе-келе аюларды елемейтін болды. Өстіп бейқам жүргенде ешкім күтпеген оқыс оқиғаны бастан кешірдік.

Бесін ауа қойдың бетін кері бұрып «отарды күн ұясына қонақтай қотанға үйіресің» деп өзіммен бірге жүрген жалғыз ұлым Қанатқа тапсырып қаннен-қаперсіз үйге келсем — әйелім жоқ. Жерошақта бықсыған қоламта сөнуге жақын. Әншейінде кешкі асты өзірлеп, самауырды гүжілдетіп қоятын келіншегіміздің көрінбеуі секем алдырған. Қазан-ошақ жиналмаған, киіз үйдің есігі де, түндігі де жабылмапты. Аттан түспей шоқырақтатқан бойы іргедегі таудан құлап тентек өзенге тарттым. Жаман ойым: «Су алуға барғанда абайсызда аяғы тастан тайып кетіп, мерт болып жүрмесе?!» Теңкиіп-теңкиіп жатқан қойтастарды тегіс сүзіп, ерсілі-қарсылы өзен бойлап біраз сандалдым-ау. Арғы бетте отырған көрші малшылардан да сұрастырдым. Ешқайсысы да ештеңе білмейді.

Қас қарая үйге оралдым. Шешесінің ұшты-күйді жоғалып кеткенін естіген Қанатым да аң-таң. Мұң ұялаған жанары жасаураған ол үйдің о жақ, бұ жағын зыр жүгіріп шолып шықты. Қапылыста құлап қалып түрегеле алмай жатыр ма деген күдікпен айғайлап та көрді. Еш дыбыс, еш белгі жоқ. Өзім де қайранмын. Қол-аяғыңды бірдей жіпсіз байлаған шарасыздық мең-зең күйге түсірген. «Жер тартты ма, көк тартты ма?..» Меңіреу дәрменсіз кейгімді байқаған ұлым көмейіне тығылған күмәнді ойының ұшығын шығарды. Қобалжыған үні жарықшақтанып үздік-үздік естілген.

— Әке, осы... шешемді... аю алып кеткен шығар...

— Тәйт әрі! Өзің не деп тұрсың! Қайдағыны айтып...

Күмілжіген ол қатты зекігеніме қарамастан көкейіндегісін ірікпеді:

— Кеше сізге білдірмей бұлақтың басындағы үңгірден көзін жаңадан ашқан аюдың кішкентай қонжығын

алып келгем. Қорада байлаулы тұр. Байқадыңыз ба, бүгін етектен енесі көрінбеді ғой. Күндіз біз қой бағып жүргенде сүт пісіріп отырған апамды көтеріп алып кеткен болар.

Түнеукүні өзіңіз айтпап па едіңіз ашуланған аюлар қойды да, адамды да ұрлап кетеді деп...

Жөпелдемеде аузыма сөз түспеген мен не дерімді білмедім. Көз алдымнан аю жоса-жоса паршалаған әйелімнің қанға оранған бейшара бейнесі кетсейші. Ашсам да, жұмсам да — сол сурет. Баламды шошытып алмайын деген оймен амалсыздан ыңғайына қарай құлай бердім:

— Әй, балам-ай, бекер істегенсің. Ыза болған аюдан бәрін күтуге болады. Жыртқыштың аты — жыртқыш. Қайта өзіңді жарып тастамаған де. Аюдың апаны қай маңда? Жақын ба, өзі? Әйтеуір, шешең аман болсын... Айтпақшы, әлгі қонжығың аш емес пе?..

— Бағана бір табақ сүтті сіміріп алды. Томпиып жатқан шығар. Аюдың апаны алыс емес көрнеді. Тура Тасбұлақтың басында. Шамасы, төтесінен есептегенде бір шақырымға жетпес. Аюдың үңгірі керемет үлкен екен. Ішінде бес-алпыс кісі емін-еркін жүре беретін секілді.

— Көкеңнің үйіңдей аралапсың-ау, жүрек жұтқаным!..

Ықылассыз мырсылдаған менің айтпағымды қабағымнан сезе қойған балам қайтып ләм-мим жақ ашпады. Мұндайда ас батұшы ма еді? Кешкі тамағымызды алаң көңілмен ішкен екеуміз үн-түнсіз үй іргесіндегі төсеніш тақтайдың үстіне қисая кеттік. Түнгі тыныштықты бұзған тоқылдақтың «дүк-дүгі» қол созым тұстан естіледі. Кей күндері өстіп түннің бір уағына шейін мазалайтыны бар. Әлсін-әлсін сыбырласқан қанаттылардың шырылы сап тиылғаны қашан. Мүлгіген орманның ашық қалған саңылауынан толған айдың шеті сығалады. Ілкі сәт көңілдегі күпті ойлар да сейіліп қоя берген. Көз ілдіре алмай дөңбекшіген ұлымның қиналысы белгілі. «Ұйықтасаңшы, қарағым, ештеңе ойлама. Таң атысымен аюдың апанына барамыз. Шешең тірі болса, бірдеңе ғып шығарып

алармыз екеулеп. Кекшіл аюдың қонжығын ертелетіп бұлақтың бергі бетіне, етекке апарып тастаған жөн. Содан кейін барып үңгірді байқақтап көреміз ғой. Тек шешең... Әй, сол пәтшағарың аюдың апанында болмай шықса қайтеміз. Онда қайдан іздейміз, ә?!» Тіп қатпаған Қанатым пысылдап жатыр. «Әй, жылағаның не түн ортасында. Жігіт емессің бе? Қой, балам, қайдағы ырымды бастамай! Әзірге әкеңнің жүрегі еш секемсіз. Әйтпесе...»

...Күн шықпастан Тасбұлақтың төбесіне өрмелей көтерілген мезетте ұлым екеуміз сонадайда балпаң-балпаң басып, төменге тартып бара жатқан аюды көріп қалдық. Дыбысын шығармаған Қанат үңгірге бастай жөнелді. Сәл жүргеннен соң қаққан қазықтай мелшиіп тұрып қалған ол сыбырлай сөйлеген: «Үңгірдің аузын таспен бітеп тастапты». Заматында жүрегіміздің аузыма тығылғаны. Бұршақтаған мұздай тер маңдайымды жуып қоя берді. Екі-үш кермек моншақ дәмі де тіліме білінді. Үрейлі қорқыныш. «Айдың-күннің аманында тұз тағысына жем болғаның ба?..» Сөйткенше нән қойтасы орнынан қозғалта алмай мықшындаған ұлымның қуанышты дауысы бойымды билеген үркек ойларды ұшырып жіберген. «Апам тірі екен! Сөйлеп жатыр...» Пенде шіркінді қойсаңшы. Әлгінде ғана жанымды көзіме көрсеткен жұдырықтай жүрегім атша тулайды-ай.

Жан-жағымызға жалтақтай апаның аузын бастырған дәу қара тасты әрең жылжыттық. Сыртқа шыққан әйелім тілге келместен бізді дедектетіп төменге қарай жетектей жөнелді. Ойпырмай десеңізші, бір күннің ішінде өңі бозарып әбден қуқып тартып кетіпті. Қатты қорыққан-ау! Қазір де аяғы-аяғына тимейді. Ойын екеуміз де жазбай түсігенбіз. «Бәрі-бәрін кейін естисіңдер... Аю келіп қалмай, үйге жетіп алайық...»

Әйелдің айтысына қарағанда оқиға былай болыпты. Бейқам қалпы ошақтың отын қаузап қойып, ыдық жуып отырған. Ебедейсіз қорбаңдаған әлдеқандай дүлей күш ту сыр-

тынан қос қолын қусыра көтеріп алады. Айғайлап жан-жағына зер салғанда барып аюды көріп, тырп етуге шамасы келмей, тілі байланып талып қалады. Одан арғы жәйден бейхабар. Ыңырсып басын көтергенде өзінің тастай қараңғы жерде жатқанын шамалайды. Аюдың тырнақтары батқан денесі дел-сал. Күндіз бе, түн бе? Қыбырламай ұзақ отырады. Үміт сәулесіндей сезілген сығырайған сызат та сеніп, үңгір іші көз байлаған. Түн... Кірпік ілдірмеген үрейлі де қорқынышты түн...

...Содан әйелім шошымалы сырқатқа шалынды. Ұзақ ауырды. Қариялардың айтуы бойынша «дерттің дәруі — неден шошынса, содан, яғни аюдың жүрегін жеу керек». Шыбын жан үшін адам не істемейді. Мен де тауға шығып аю атып, әйеліме жүрегін жегіздім. Тіфә, ті-фә!.. Ем болды ғой...

— Қарағым, аю ұрлап қашқан олжа-кемпір хикаясы, міне осындай!— деп орнынан көтерілген Асылбек ақсақал бізбен қоштасты.

— Қызық екен! Қызық.

Бейтаныс қарттың әңгімесі ұйытып-ақ жіберген мен екі ауыз сөзді қайталай бердім, қайталай бердім.